Бекітемін :
«Айгөлек» бөбекжай- бақшасының
директоры : Ж.Т. Утепова
«____» _____ 2022 жыл

2022-2023 оқу жылы
«Айгөлек» бөбекжай- бақшасының ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың жылдық жоспары

	Жұмыстың мазмұны	Бағыты	Мерзімі
	Балаларды балабақшаға бейімдеу	психоағарту	қыркүйек
	Балалардың мектепте оқуға деген психологиялық дайындығы	кеңес	қазан сәуір
	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	кеңес беру	Қазан
	Диагностикалық тексеру нәтижелері бойынша консультациялар және бақылау	кеңес беру	жыл бойы
	«Балаға жеткілікті көңіл аударасыз ба?»Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты анықтауға арналған тест	психодиагностика	қазан
	Үш жастағы дағдарыс. Бұл не?»	алдын алу кеңес беру	қараша
	Тренинг «Мектеп табалдырығы»	алдын алу кеңес беру	желтоқсан
	«Бірге ойнаймыз» ата-аналар жиналысы.	Ағарту	қаңтар
	Ата-аналарға сауалнама	психодиагностика	ақпан
	Ата-аналарға психологиялық кеңес (балабақшадағы ережесі)	Ағарту,кеңес	наурыз
	Ата-аналарға сауалнама "Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?»	Диагностика	сәуір

Педагог –психолог: К.У.Айжарикова

Құрманов атындағы ауылдық округіне қарасты Бегалы ауылы
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»
2022-2023 оқу жылы.

Келісім

Білім алушылармен (мектепке дейінгі тәрбиеленушілермен) психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) өткізу ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығындағы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда №13227 болып тіркелген) №2 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Осы үлгіге қол қоя отырып, мен:

менің балам/менің қамқорлығымдағы бала қатысатын психологиялық диагностика, кеңес беру, тренинг (топтық, жеке) қатысуына келісімімді беремін:

р/с	Ата-анасының (заңды өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты	Баланың тегі, аты, әкесінің аты	Тобы	Ата-анасының немесе өзге заңды өкілінің қолы
1.	Алтыбаева Жансұлу	Алтыбаев Арлан	«Айгөлек»	
2.	Бермухамбето Бахтияр Кулекенова Данагуль	Нағметолла Данияр	«Айгөлек»	
3. 4.	Егімбай Үміт Қалтай Алтынбек Қалтай Арай	Егімбай Санжар Құспан Айзере	«Айгөлек» «Айгөлек»	
5.	Төреев Әсет Сәрсемалиева Гүлзейнеп	Амангелді Сұлтан	«Айгөлек»	
6.	Жумагалиева Ардак	Айдархан Роза	«Айгөлек»	
7.	Избасов Болатбек Избасова Салтанат	Құсайын Нұрайы	«Айгөлек»	
8.	Құлниязов Алмат Құлниязова Жұлдыз	Жалғас Ұлықпан	«Айгөлек»	
9	Жұмақұлов Фархат Жетпісбай Гүлнар	Жұмақұлов Еркебұлан	«Жұлдыз»	
10.	Нұрғалиев Ринат Ғұбайдулла Ақгүл	Нұрғалиева Раяна	«Жұлдыз»	
11.	Избасов Бекболат Жаниязова Гүлмира	Избасова Жанерке	«Күншуақ»	
12.	Құлбалин Мақсат Құлбалина Актоты	Төреғали Төренұр	«Күншуақ»	
13.	Жұмақұлов Фархат Жетпісбай Гүлнар	Жұмақұлова Альбина	«Күншуақ»	
14.	Қоспан Шамшырақ	Абдрахманова Асылжан	«Күншуақ»	
15.	Бермухамбето Бахтияр Кулекенова Данагуль	Нағметолла Сұлухан	«Күншуақ»	
16.	Тнымов Абай Дауылова Жайнагүл	Жанзақ Ясина	«Күншуақ»	

17.	Қоспан Шамшырак	Абдрахманова Айзере Сырлыбай Сержан	«Күн шуақ»	
18.	Спаев Алмат Темиркулова Айнагүл	Егімбай Көзайым	«Күншуақ»	
19.	Егімбай Үміт	Ұзақбай Ахмет	«Күншуақ»	
20.	Жотаев Ертарғын Жотаева Назира	Жалғас Зейнеп	«Күншуақ»	
21.	Құлниязов Алмат Құлниязова Жұлдыз	Жәрдем Нұрдәулет	«Күншуақ»	
22.	Орынбасаров Серік Тенізова Тілекші	Рысбай Әміре	«Күншуақ»	
23.	Сариев Данабек Исмурзина Мейрамгүл	Рысбай Дамир	«Құлыншақ	
24.	Сариев Данабек Исмурзина Мейрамгүл	Сүйіндікұлы Бекнұр	«Құлыншақ	
25	Нұртанов Сүйіндік Құлниязова Нұргүл			

Балабақша психологі: К.У.Айжарикова

Ата-анамен психологиялық жұмыс





Ата-ана мен балабақша ынтымақтастығы











«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»



Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Қатысқан ата-аналар саны: 12

Өтілген күні: 10.09.2022 ж.

Бөбекжай-бақшасының психологы: К.У.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» психологының «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты ата–аналармен өткізген іс-шарасы

Мақсаты: Бала жанұясы мүшелерін бір-бірін түсіне білуге және жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.
Қатысқандар: Ата аналар, тәрбиешілер, балалар.
Көрнекіліктер: Отбасы суреті, бояу қарындаштар, қалам, таза парақ, ватман, шарлар, қайшы, желім, жаңа технология, презинтациялар.
Кіріспе сөз: Қымбатты ата- аналар, сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Алдымен өзіміз,отбасымыз туралы әңгімелеп, танысайық.
I.Танысу. Амандасу
Психологиялық жаттығу: «Үй»
Қажетті құралдар: А4 парағы, қарандаш.

Өтілу барысы: Ата-аналарға ақ парақ пен қарандаштар беріледі
Тапсырма: Параққа үйдің суретін сал. Салған үйіңіздің 6 терезесі болу шарт. Үйді салып болсақ , енді сол терезелерге өз отбасыларыңыздың мүшелерін орналастырыңыз. (Өз отбасыларын таныстырады)

Психолог: сіздердің отбасыларыңызбен біз толық таныстық

II. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру.
- Баланың әлеуметтенуі қашан қайда басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады,мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Окінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан).
- Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек.Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады.Осының нәтижесіндс күрделі және созылмалы мәселслср пайда болады.
- Балаңызбен үйдс сөйлссссіз бс, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көрстіңіз туралы айттыңыз ба?

Ата-аналардың балаға эмоцияналдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды.Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз.

Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.

- Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатаң ұстаныңыз.

Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатпаңыз.

- Балаға анық түсінік беру керек.

Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі.

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді.Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыныз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай–ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды.Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.
- Бала балабақшаға тек ауырмайкелуіқажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көппіл, өз жақындарыңызбен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшаға келген күннен бастап–ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

"Айгөлек" бөбекжай -бақшасы

Түзету -дамыту жұмысы бойынша
Хаттамасы

Түзету жұмысының атауы: Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жұмыс
Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту
Жүргізілген уақыты: 15.11.22 ж.
Қатысушы ата-аналар: мектепалды даярлық топ ата-аналары
Қатысқан ата-аналар саны : 8 (қатыспаған жоқ)
Психолог ата-аналарға балалардың сөйлеу тілдерінің дамыту бағытында дәріс оқыды. Ата-аналарға кеңестер берілді.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сойлеудегі ең маңызды элементтер — есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің — дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Сөйлеу қызметінде негізгі рөлді мидың доминантты жарты шарында (оңақайларда сол жақ, солақайларда оң жақ жарты шар) орналасқан сөйлеу — есту және сөйлеу — қимыл зоналары атқарады. Сөйлеу баланың психофизикалық жалпы дамуы процесінде қалыптасады.

Сөйлеудің бұзылуының себептерін бірнеше топқа бөледі:

Дидактикалық ойындар. Бұл ойынды белгілі ережесі мен мазмұны бойынша үлкендер ұйымдастырады. Дидактикалық ойындардың міндеті — балалардың бағытталған және ортақ іс- әрекетін ұйымдастыру. Бұл ойын барысында бала еш мәжбүрсіз, байқамай қажетті білімдерді алады. Балалар ойын тапсырмаларына қызыға көңіл бөледі. Табу, айту, атау, ойын тапсырмасын сапалы шешуге көңіл бөледі: сұлбаны әдемі құрастыру, суретті дұрыс таңдау.

5 жастаға бала дидактикалық ойын барысында заттардың саны мен сапасын оның атауларды, оларды сыртқы бейнесі бойынша салыстырып, есте сақтауды үйренеді. 6 жастағы бала ойын тапсырмасын сапалы шешуге қызығушылығы арта түседі. Ал 7 жасқа таман бұрынғысынша ойын әрекеті қызықтырады, бірақ көбіне ойынның нәтижесі қызықтау болады. Бұл кезде өзіндік ұйымдастыратын, бағалау, өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттерін дамытуға ықпал ететін ойындар қолданылады. Бұл жастағы балалар үшін аспапты таны, дыбыстарды қайтала, өзің сүйетін әуенді орында деген сияқты музыкалық дидактикалық ойындар қолданылады.

Логопедиялық сабатардағы дидактикалық ойын барысында балаларды асықпай сөйлеуге тәрбиелейді; дыбыс айтуы шыңдалады, сөздік қоры молаяды. Есту зейіні мен фонематикалық естуін дамыту үшін музыкалық дидактикалық ойындардың да маңызы зор.

Қимылды ойындар. Сөйлеу тілінде кемшілігі бар балаларда қимыл бұзылысы жиі кездеседі: қимылдың епсіздігі жинақылық емес ебедейсіз, әр түрлі қимыл икемсіздігі. Сол үшін қимылды ойындардың алатын орны ерекше. Балалар қажет қимылды шыңдайды, ұжымдық ойындар ойнауды үйренді. Олар үшін дыбысталған қимылды ойындардың маңызы зор, логопедияда бұл ойындар логопедиялық ритмика деген атаумен таныс. Бұл ойындар алада дұрыс тыныс өлең мен дыбыстауды, қимылды сөзбен ұштастыруды тәрбиелеуге әсер етеді.

Ата-аналар өздерінің сауалдарын қойып, өзара тәжірибелер алмасты.

Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Хаттама №

Кеңес беру: Ата-аналар, тәрбиешілер
Мақсаты: Ата-ана мен тәрбиешілерге жаңадан келген балалардың жаңа ортаға бейімделуіне психологиялық кеңестер мен түсінік жұмыстарын жүргізу..
Жүргізілген уақыты: 13.09.2022 ж.
Топ ата-аналары: «Құлыншақ» «Күншуақ»
Қатысқан ата-аналар:

Баланың балабақшаға бейімделуі

Үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет? Бұл орайда, ата-аналарға мына кеңестерді ұсынамыз.

Баланың өзге балалармен көбірек араласуына мән беріңіз. Балалар саябағына, ойын алаңдарына жиі ертіп барып тұрғаныңыз абзал. Құмда ойнауға, әткеншекке ұшуға баули жүріңіз. Туған күн кештеріне алып барыңыз. Онда өзін қалай ұстауын бақылаңыз, ұяла ма, оңашаланады ма, әлде жанжалдаса ма?
Төбелеске жақын ба, әлде құрдастарының тілін тез таба біле ме?
Балаңыз баратын топтың тәрбиешісімен алдын ала танысып алыңыз. Балаңыздың бойындағы жеке ерекшеліктерінен хабардар етіңіз. Нені ұнататынын, нені ұнатпайтынын, қандай әдеті бар екенін және оған қандай көмек керек екенін айтыңыз.
Мадақтау мен жазалаудың қандай әдістері тиімді екенін айтыңыз.
Балабақшаға бала алғашқы күндері барып жүргенде, түскі ұйқыға дейін шектеледі. Кейінірек, баланың ахуалына байланысты, бұл уақыт одан әрі қарай бірте-бірте ұзара бастайды.
Баланың балабақшадағы алғашқы күндерінде мына жәйтті ескерген дұрыс.
Бейімделу стресі ағзаның қорғаныс күштерін әлсірете бастайды да, бала ОРЗмен, тамақ аурумен ауыра бастайды. Бұл уақытта, мүмкіндігінше, баланың иммунитетін күшейтуді қолға алаңыз. Сонымен қатар, топқа алғаш келген бала өзін қолайсыз сезінеді, эмоциясын сыртқа шығармауға тырысады, бұл ішке салмақ түсіреді, егер оны уақытында сейілтіп алмаса басты шалығудың себебі болуы мүмкін.
Сол үшін, үйде баламен көбірек жылжымалы қызықты ойындар ойнап тұруға уақыт бөліңіз.

Баланың балабақшаға үйренуі

Сіздің балаңыз балабақшаға алғаш барған кезде, ол үшін бірінші рет анасынан ажырап өзіне таныс емес үлкен адамдар мен бір топ балалардың арасына түсуі болып табылады. Бала үшін өзінің отбасында өзін ұстау ережелері қалыптасып қалған. Балабақшаға келген күннен бастап үйреншікті өмір сүру ортасы өзгереді.
Бұл неден көрініс табады?
- Баланың эмоционалды жағдайы, ұйқысы, тәбеті нашарлайды;
- дене қызуы көтерілуі мүмкін;
- бала бойында қалыптасып қалған жақсы қасиеттерінің жоғалуы мүмкін;
- иммунитеттің төмендеуі, салмағының азаюы мүмкін.

Бала ортаға бейімделгеннен кейін эмоционалды жағдайы қалпына келеді. Ортаға деңгейдегі бейімделуде алғашқы айларында бала тұмаумен ауыруы мүмкін, ал ортаға қиын бейімделсе баланың эмоционалды жағдайының қалпына келуі ұзаққа созылуы мүмкін. Осының барлығы баланың келесідей іс қимылдарынан байқалады: баланың тығылып қалуы, қабылдау бөлмесінде отыруы, анасын қайта - қайта шақыру.
Баланың ортаға бейімделуі неге байланысты:
Баланың жасына байланысты. 2 жасқа толғаннан кейін баланың ортаға бейімделуі оңай жүреді. Олардың ортаға деген қызығушылығы жоғары болады, назарларын басқаға аудару жеңілдірек, айтқан сөздерді нақты түсінеді және тыныштандыру оңай.
Баланың жасы мен денсаулығының жағдайына байланысты;
Баланың жекелеген ерекшелігіне байланысты;
Биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты;
Бейімделуге деген дайындығына байланысты (баланың басқа ортаға қаншалықты барып көргендігі, туысқандарына, демалысқа және де басқа жақтарға барып өзімен жасты балалармен қаншалықты араласып көргендігіне байланысты).

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама №

Диагностиканың атауы: Балаға жеткілікті көңіл аударасыз ба?
/авторы/

Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау.
Жүргізілген уақыты: 13.10.2022 ж.
Топ ата-аналары: «Айгөлек» «Жұлдыз» топ ата-аналары
Қатысқан ата-аналар: 13 (қатыспаған білім алушы саны: ___ себебі:)
Диагностика Қорытындысы

№	Білім алушының аты-жөні	Нәтиже өлшемдері	Нәтиже өлшемдері
1.	Бермуханбетова А	70 балл	**80-60 балл** - өз балаңызды жақсы білесіз, сіздің балаңызбен ара қатынасыңыз жақсы. Сізге балаңызбен бірге болған қызықты.
2.	Егімбай Ү	64 балл	
3.	Жаниязова Г.	60 балл	
4.	Жетпісбай Г	76 балл	
5.	Избасова С.	68 балл	
6.	Исмурзина М.	68 балл	
7.	Құлбалина А	68 балл	
8.	Құлниязова Н	62 балл	
9.	Мендиғалиева С	62 балл	
10.	Неталина Р	76 балл	
11.	Сарсемалиева Г.	74 балл	
12.	Тенизова Т	64 балл	

Сауалнама арқылы балаңызбен өзара қарым-қатынасыңызды айқындауға болады.
Берілген жауап нұсқалары
«иә, әрқашан» – 4 балл
«кейде, мүмкін» – 2 балл
«жоқ, ешқашан» – 0 балл

Нәтиже қорытындысы сізге әйгілі болады, сол себептен жұмысқа жауапты болыңыз
Барлық ата –аналардың жауаптары 80-60 баллдан аспады.
Олар өз балаңызды жақсы білесіз, сіздің балаңызбен ара қатынасыңыз жақсы. Сізге балаңызбен бірге болған қызықты.

Ұсыныс :

- Өз баласын ата-ана жеткілікті біле отырып, қызығушылығын дамыту;
- Баланың бойындағы қабілетті дамытып алға қарай жетелеу;
- Б алаға сенім артып,мадақтау:





Педагог-психолог: К.У.Айжарикова

Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» психологының «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты ата–аналармен өткізген іс-шарасы

Мақсаты: Бала жанұясы мүшелерін бір-бірін түсіне білуге және жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.
Қатысқандар: Ата-аналар, тәрбиешілер
Өткізілген уақыты : 21.10.22 ж
Көрнекіліктер: Отбасы суреті, бояу қарындаштар, қалам, таза парақ, ватман, шарлар, қайшы, желім, жаңа технология, презинтациялар.
Кіріспе сөз: Қымбатты ата- аналар, сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Алдымен өзіміз,отбасымыз туралы әңгімелеп, танысайық.
І.Танысу. Амандасу
Психологиялық жаттығу: «Үй»
Қажетті құралдар: А4 парағы, қарандаш.

Өтілу барысы: Ата-аналарға ақ парақ пен қарандаштар беріледі.
Тапсырма: Параққа үйдің суретін сал. Салған үйіңіздің 6 терезесі болу шарт. Үйді салып болсақ , енді сол терезелерге өз отбасыларыңыздың мүшелерін орналастырыңыз. (Өз отбасыларын таныстырады)

Психолог: сіздердің отбасыларыңызбен біз толық таныстық

ІІ. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру.
- Баланың әлеуметтенуі қашан қайда басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады,мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан).
- Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек.Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады.Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.
- Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретіңіз туралы айттыңыз ба?

Ата-аналардың балаға эмоцияналдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

- жеңіл түрі - баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді;
- орташа ауырлық бейімделу - 1 айдың ішінде;
- ауыр бейімделу - 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды.Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:
- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз.

«Айгөлек бөбекжай-бақшасы»



БАЛАНЫ БАЛАБАҚШАҒА ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ



«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама №

Диагностиканың атауы: Ата-аналарға арналған сауалнама

Мақсаты: Балабақша жұмысының бала тәрбиесіне деген көзқарасын анықтау.
Жүргізілген уақыты: 03.02.2023 ж.
Қатысуға тиісата саны: 19
Қатысқаны: 12 (қатыспаған ата-ана саны: 7 себебі)
Сауалнама барысында :

р/с	*Сауалдар*	*жауаптар*
1.	Балабақшаның сіздің балаңыздың тәрбиесіне деген көзқарасын қалай бағалайсыз?	-жоғары;11-91,6% - орташа 1-8,33%
2.	Балаңыз келіп жүрген топтың жұмысына өзіңіздің қатысуыңызды қалай бағалайсыз?	жоғары;4-% -қанағаттанарлық 8-66,6%
3.	Сіздің ойыңызша бала тәрбиесінде бастапқы роль кімге беріледі?	отбасына; 6-50% - отбасы мен балабақшаға; 6-50%
4. *5.*	Тәрбиешіге сіз қандай сұрақпен жиі келесіз? Қандай сұрақпен тәрбиеші сізге жиі келеді?	қандай да бір қолайсыз жағдайларда (бала ренжісе, ойыншығы сынғанда, шкафы жиналмаса) 1-8,33% - бала тәбеті мен ұқысы жайында;1-8,33% - баланың балабақшадағы көңіл-күйі және тәртібі бойынша;10-83,3% бала өзін балабақшада нашар ұстады;1-8,33% - баланың сабақтардағы жетістіктерін жеткізу үшін 10-83,3% -отбасында баланы қалай дұрыс тәрбиелеу керектігі жөнінде кеңес айтып; 1-8,33%
6.	.Бала тәрбиесі бойынша сіз жиі тәрбиешінің көмегіне жүгінесіз бе?	аса жиі емес;3-25% -сирек 9-75%
7.	Балабақшаның отбасымен жүргізетін жұмыстарының қайсысы сіздің ойыңызша әсерлі?	- ата-аналар жиналыстары; 6-,50% - мерекелерге қатысу;5-41,6% - мамандармен жеке әңгімелесу, кеңес алу 1-8,33%

Ұсыныс :

Ата -ана :

1. Өз баласын ата-ана жеткілікті біле отырып, қызығушылығын дамыту;
2. Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы табысты болу үшін тәрбиешілермен бірлескен оң көзқарас, ұйымдаса, бірлескен жоспарларды жүзеге асырып, қорытындысын шығарып отыру .

Педагогтарға: Балалар бойында өнегелік тәрбие арқылы этикалық қасиеттер қалыптастыру үшін, ең алдымен балабақша өмірін педагогикалық жүйе, яғни тұтас педагогикалық үрдіс ретінде қарастыруға қол жеткізу .

Психолог:

- Баланың бойындағы қабілетті дамытып алға қарай жетелеу;
- Бөбекжай мен ата-аналар қарым-қатынасын ,көзқарасын дамыту;

Психолог: К.У.Айжарикова

Баяндама

Баланың үш жастағы дағдарысы

Бөбекжай психологі: К.У.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы бойынша

Хаттама №

Тақырыбы: Баланың үш жастағы дағдарысы

Мақсаты.. Бала бойындағы дағдарыстың өтпелі кезеңінс байланысты екендігін түсіндіре отырып ,көмек беру

Жүргізілген уақыты: 24.11.2022 ж.

Кіммен өткізілді: педагогтармен

Қатысқаны: 3

Өтілу уақыты:

Баланың үш жастағы дағдарысты қарастыруға себін тигізетін үш түрлі көзқарас бар. Біріншіден, бұл дағдарыс баланың өтпелі кезеніне байланысты. Өйткені бала психологиясында бұл кезеңде жаңа құрылымдар мен саналы ерекшеліктер пайда болады. Бала психикасының дамуындағы дағдарыстын пайда болуын оның жақын арадағы даму аймағына қатысты қасиеттерді өзгеру заңдылығымен ұштасты түрде іздестіру керек болады.

Үш жастағы дағдарыстын мән-жайын ашып көрсету үшін баланың дамудағы сыртқы және ішкі жағдайларды қарастыру қажет. Бұл мәселенін түйінді жері баланың үш жаста дағдарысқа ұшырау себептері нендей жағдайларға байланысты болады және оның қалыпты жағдайдан ауытқуына әсер етуші фактор қандай? деген мәселенің мәнін айқындап көрсетуді талап етеді.

Осы мәселенің мәнін ашып көрсетуде біріншіден, дағдарыс баланың бойындағы мұндай жағымсыз қылықтарын оның тіл алмай, қасарысуынан айыра білу қажет. Баланың жағымсыз қылықтары ересектердің қойған талаптары мен айтқандарының бәріне қарсы шығады. Алайда баланың бір нәрсені істеуге зауқы болмаса мұның бәрі жағымсыз қылықтары мен қарсылық керсетуін (мысалы, ол ойнап жүргенде оған жатып ұйықта десе, ол бірден төсегіне жатып ұйықтамайды), мұның бәрін дағдарыс кезенінің көріністері деп санауға болмайды. Бала барынша өзінің ойындағысын істегісі келеді. Бірақ оған тыйым салынады. Бұл жайттардың бәрін қисық-қынырлық қылық, жағымсыз мінез деуге болмайды. Осындай жағдайда баланың ересектер талабына қарсы әрекеті оның өзі ұнатқан іспен шұғылданғысы келетінін көрсетеді.

Баланың үлкендердің талабына қарсылық білдіріп, ондай ұсыныстарын орындамай қырсығуы оның өзіндік ойы мен тілегін іске асыруға ұмтылуын көрсетеді. Мұндай қылық бала эрекстіндегі өзіндік санасындағы өзгерісті, оның сапа жағынан жаңа сатыға көтерілгенін көрсетеді. Дағдарыстың көрінісі баланың ісінс, осындай қылықтарынан айқын байқалады. Егер баладан басқа бір нәрсені істеуді өтініп сұраса, онда ол бұл жағдай өзінін көніліне қонымды болғандықтан қарсылықсыз орындайды.

Баланың бойын ашу-ыза кернегенде әмірлі дауыспен айткан сөз де оған әсер етпейтінін байқатты. Бірсыпыра авторлар мұндай жайттарды көркемдеп жазды. Мысалы, ересек адам сәбиге келіп әмірлі үнмен: «Мына

көйлектің түсі қара» десе, ол қарсылық көрсетіп, «бұл көйлектің түсі ақ» дейді. Қасарысу оған айтылған создердің мәніне қарамастан керісінше істеуге кесірлену дағдарыстың нақтылы көрінісі.

Жағымсыз әрекеттің тіл алмаудан екі түрлі айырмашылығы бар. Біріншіден, бұл жерде өзге адамдармен әлеуметтік қатынас жасау маңызды орын алады. Бұл ретте балаға айтқанды істеп, оны ұқтыру орындалатын әрекет маңызыды емес, өзге адамдармен қатынас жасау ниеттілігіне байланысты. Жағымсыздық мінез-қылық әлеуметтік сипаттағы әрекет, бұл орайда балаға қойылған талап мазмұны емес, оның мәні адамға: бағытталған. Екінші ерекшелік — баланың өзінің ашу-ызасына; деген жаңаша қатынасы. Ол ашу-ыза әсерімен әрекет етпей, өзінің, көңіл-күйіне керісінше әрекет жасауға ұмтылады. Ашу-ызара бой билету мен әрекетгену үш жастағы балаға тән мінез ерекшелігі. Көптеген зерттеу нәтижелері баланың сәбилік кезеңінде оның ашу-ызасы мен іс-әрекеті бірігіп кететінін көрсетеді. Мектепке дейінгі жаста басқа адамдарға қатысты әрекет те пайда болып, ол өзге жағдайларға қатысты ашу-ызадан туындайды. Егер баланың қарсылығы белгілі бір жағдайға байланысты болса, онда оны баланың жағымсыз қылығы деп санауға болмайды. Мұндай ретте жағымсыздық әрекет дәл сол кездегі оқиғаға байланыссыз жағдайда көрініс табады.

Үш жастағы дағдарыстың екінші көрінісі — қырсығу. Жағымсыздық қырсығудан өзгеше қылық. Қырсығудың өзін қасарысудан ажырата білу керек. Мысалы, бала бір нәрсенің орындалуын өзінше талап етіп қасарысып тұрып алады. Бұл қырсықтану емес, бұл үш жастағы дағдарысқа дейін де кездеседі. Мысалы, бала бір затты иемденгісі келеді, бірақ оны бірден ала алмайды. Ол бұл заттың өзінікі болуына қасарысумен қол жеткізеді. Қырсықтану дегеніміз, сәбиге бір зат оған аса қажет болғандықтан қасарыса қалмайды, ол затты сұрағаны үшін ғана: қасарысады. Ол өз талабының орындалуын тілсйді. Айталық, сәбиді ауладан үйге шақырдық дейік; ол көнбейді, бірақ біз оның үйге кіру керектігін дәлелдеп, үгітгейміз, ол дәлелді түсінгснімсн; бәрібір үйге кірмсйді. Сәбидің қырсықтану себебі өзінің бастапқы шешіміне байланысты болады. Тек осы жағдай ғана қырсықтануға жатады. Қырсықтануды кәдімгі қасарысудан ерекшелейтін екі сәт бар. Оның бірі — жағымсыз қылыққа ұқсастығы, оның себепке қатысы бар. Егер бала дәл қазір қажет етіп тұрған нәрсесін қасарысып сұраса, бұл қасарысу болмайды. Мысалы, ол шанамен сырғанауды ұнатады, сондықтан да күні бойы аулада жүргісі келеді.

Екінші сәт. Егер жағымсыздыққа әлеуметтік сипат тән болса, яғни бала ересектердің айтқанына керісінше әрекет жасайтын болса, қасарысу сипаты болғаны. Баланың ызасы өзгермелі болады деп айтуға болмайды. Баланың дағдарысқа ұшырау кезеңіне дейін оның өзіне деген ниет-қылығының себептерін қалайша болатындығына көз жеткізуіміз керек.

Үшінші сәт — баланың қыңырлық кезеңі.

Бала мінезіндегі ерекшеліктің алғашқылардан айырмашылығы қандай? Қыңырлық жеке бастың ерекшелігі емес. Жағымсыз қылықтар баланың қандай да болсын ересектерге қарсы бағытталған әрекеттері. Ал қыңырлық бала тәрбиесінің қалпына қарсы, өмір салтына қарсы

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» психологының «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты ата–аналармен өткізген іс-шарасы

Мақсаты: Бала жанұясы мүшелерін бір бірін түсіне білуге және жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.
Қатысқандар: Ата аналар, тәрбиешілер, балалар.
Көрнекіліктер: Отбасы суреті, бояу қарындаштар, қалам, таза парақ, ватман, шарлар, қайшы, желім, жаңа технология, презинтациялар.
Кіріспе сөз: Қымбатты ата- аналар, сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Алдымен өзіміз,отбасымыз туралы әңгімелеп, танысайық.
I.Таныcу. Амандасу
Психологиялық жаттығу: «Үй»
Қажетті құралдар: А4 парағы, қарандаш.

Өтілу барысы: Ата-аналарға ақ парақ пен қарындаштар беріледі
Тапсырма: Параққа үйдің суретін сал. Салған үйіңіздің 6 терезесі болу шарт. Үйді салып болсақ , енді сол терезелерге өз отбасыларыңыздың мүшелерін орналастырыңыз. (Өз отбасыларын таныстырады)

Психолог: сіздердің отбасыларыңызбен біз толық таныстық

II. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру.
- Баланың әлеуметтенуі қашан қайда басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады,мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан).
- Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек.Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады.Осының нәтижесіндс күрдслі және созылмалы мәсслслср пайда болады.
- Балаңызбсн үйдс сөйлссссіз бс, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көрстіңіз туралы айттыңыз ба?

Ата-аналардың балаға эмоцияналдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама №4
Диагностиканың атауы: /авторы

Мақсаты:. Балабақша тәрбиесіне деген көзқарастарын анықтау
Жүргізілген уақыты: 14.11.2022 ж
Қатысқан ата-ана саны: (қатыспаған ата-ана саны: ___ себебі)
Әдістеме барысында : Ата-аналарға

р/с	Тәрбиеленушілердің аты-жөні	Диагностикалық тапсырманы орындау нәтижесі				қорытынды
		Ер адам	Нүкте қатары	сөз тізбегі	Жалпы балл	
1.	Амангелді Сұлтан	3	4	4	11 балл	орташа
2.	Алтыбаев Арлан	3	4	2	9 балл	орташа
3	Айдархан Роза	3	4	5	12 балл	орташа
4.	Елімбай Санжар	5	4	4	13 балл	төмен
5.	Жалғас Ұлықпан	2	5	4	11 балл	орташа
6.	Құспан Айзере	1	1	1	3 балл	жоғары
7.	Құсайын Нұрайым	1	1	1	3 балл	жоғары
8.	Нағметолла Данияр	3	2	2	7 балл	орташа

Анықталғаны : Зерттелінушілердің жас ерекшеліктеріне назар аудара отырып, үш тапсырманы да жақсы орындаған -2 бала, «жоғары» көрсеткіш көрсеткен балалар екеу, берілген «орташа» көрсеткіш көрсеткен балалар 5 бала анықталды. Тереңірек зерттеуді қажет ететін 1 бала тапсырманы орындау барысында салғанын өшірген, ал берілген үш тапсырманы да толық орындауды назар аударуды қажет етеді, үнемі бақылауда болғаны жөн. Жоғарыдағы анықтамаларға сай төмендегідей ұсыныстар жасаймын:

- . Тереңірек зерттеуді қажет ететін балалармен жұмыстану;
- Оқушылар қиялын ертегілермен байыта отырып, елестетіп бейнелей білуге үйрету;

« Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Профилактика және психологиялық ағарту бойынша

Хаттама

Ата-аналар жиналысы «Бірге ойнаймыз»

Ата-аналармен тренинг жаттығулар

Тақырыбы: «Жақсы көңіл-күй

Мақсаты: ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Тренинг сабақтың міндеті: ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігін байқау;өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін құрметтеу;көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу.

Тренингке қатысқан ата –ана саны: 14

Тренинг сабақты өткізуге түрлі-түсті қағаз, желім, плакат керек.

Тренинг барысы:

1. Сәлемдесу рәсімі
2. Тренинг ережесін бекіту
3. Мини-лекция
4. Сұрақ-жауап «Мадақтау-жазалау»
5. Жаттығу «Біз біргеміз»
6. Ойын «Өтінемін»
7. Шығармашылық жұмыс «Қол көмек»
8. «Сиқырлы жүрек» ой-түйін

Жаттығу – «Танысу», «Есімдер аллитерациясы»

Нұсқау: Алдымен өз есімдеріңіздің алдына адамның бойында бар жақсы қасиеттің біреуін айтып, өзіңіз туралы қысқаша мәлімет беруіңіз керек.

Мысалы: Мен нұрлы – Нұргүлміп;

Мен көрікті - Әсеммін;

Мен дарынды – Дидармын.

Сұрақ-жауап: «Мадақтау мен жазалау»

Мақсаты: Ата-ананың балаға деген көңіл бөлуін байқау.

Барысы: Қағазды екіге бөліп, бір жағына баланы мақтау кезінде қолданылатын сөздерді,

ал екінші жағына, сөгіс жариялау кезінде қолданылатын сөздерді жазыңыз.

Қай бөлікте сөздердің көп болғандығы жайында сараптама жасалып, ата-аналарға қорытынды жасау ұсынылады.

Жаттығу: «Біз біргеміз»

Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-ана мен балаға қолдау, көмек көрсету.

«Қолынан тапып біл»

Көздері байлаулы ата –аналар балаларын тауып алулары керек.

Талдау: – Сізге балаңызды табуға не көмектесті?

– Балаңыздың қолынан ұстағанда не сезіндіңіз?

Психолог: К.У.Айжарикова

"Айгөлек бөбекжай-бақшасы"
Психологтың жасаған жұмысының
Хаттама №

Мектепалды даярлық тобының ата-аналарына
Бағыты: кеңес беру
Кеңес тақырыбы: Ата-аналарға психологиялық кеңес (балабақшадағы ереже)
Қатысушы ата-аналар: "Айгөлек" тобының ата-аналары
Кеңес алушылар саны: 8
Сұраныс беруші; әкімшілік
Күні: 26.01.2023 жыл
Барысы:

1Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы к өретіндігіңізді сездіртіңіз.
2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.
6. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
7. Балаға баға берменіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.
8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.
9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.
10. Баланың бақытты кездері туралы ойлаңдар.
11. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.
12. Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.

Ата – аналарға кеңес

1. Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
2. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.
3. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс — әрекетпен айналысып отырса.
4. Шешім қабылдау да өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.
5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
9. Баланың әр бір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
10. Жас мөлшері әр түрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.
11. Қиын нәрселерді тауып және оны өзбетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.
12. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
13. Балаңыз бен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.
14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
15. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқталуына жағдай жасаңыз.
16. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.
17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
19. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.